

2024 жылғы қаңтар-маусымдағы жиһаз өнеркәсібі

Жиһаз өнімдерін өндіру көлемі 2024 жылғы қаңтар-маусым кезеңінде 44,4 млрд. теңгені құрады, бұл 2023 жылғы ұқсас кезеңнің көрсеткішінен 12%-ға жоғары. Қарастырылып отырған кезеңде саланың НКИ көрсеткіші 128,3% құрады.

НКИ ұлғаюы тауарлардағы өндіріс көлемінің ұлғаюымен байланысты: кеңсе ағаш жиһазы – 45,7%-ға; ас үй жиһазы – 21,6%; асхана мен қонақ бөлмеге арналған ағаш жиһаз – 15,4%; негізінен металл жақтауы бар арнайы отыруға арналған жиһаз – 8,4%; жатын бөлмеге арналған өзге де жиһаз (кереуеттер мен шкафтардан басқа) – 5,4%.

Жиһаз өнімдерін тұтынудың ішкі нарығы 2024 жылғы қаңтар-мамыр ішінде 244,7 млн. АҚШ долларын (109,6 млрд. теңге) құрады. 2024 жылғы қаңтар-мамырда отандық өндірістің үлесі 32,5% құрады.

Жиһаз өнеркәсібі өнімдері экспортының көлемі 2024 жылғы қаңтар-мамырда 5 млн. АҚШ долларын құрады, бұл 2023 жылғы ұқсас кезеңнен 16,7%-ға төмен.

2024 жылғы қаңтар-мамырда жиһаз саласы экспортының тауар құрылымында негізгі көлем мынадай тауарларға тиесілі болды: өзге де металл жиһаз (2 210,6 мың АҚШ доллары), пластмассадан жасалған жиһаз (428,5 мың АҚШ доллары), отыруға арналған жиһаз (9402 тауар позициясында көрсетілгеннен басқа), кереуетке түрлендірілетін немесе түрлендірілмейтін және оның бөліктері: отыруға арналған жиһаз, биіктігін реттейтін құрылғылармен айналатын: өзге де (342,1 мың АҚШ доллары), өзге де ағаш жиһаз (396,1 мың АҚШ доллары), отыруға арналған өзге де жиһаз (351,5 мың АҚШ доллары) және т.б.

Жиһаз өнімдері экспортының көлемі Ресейге (40% немесе 1 993,5 мың АҚШ доллары), Өзбекстанға (31% немесе 1 544,6 мың АҚШ доллары), Қырғызстанға (9,2% немесе 460,5 мың АҚШ доллары) және т.б. жіберілді.

Жиһаз өнеркәсібі өнімдері импортының көлемі 2024 жылғы қаңтар-мамырда 165,2 млн. АҚШ долларын құрады, бұл 2023 жылғы ұқсас кезеңнен 22,8%-ға жоғары.

Тауарлық құрылымда импортталатын жиһаз өнімдерінің ең көп көлемі мынадай тауарларға тиесілі: өзге де ағаш жиһаз (35 634,7 мың АҚШ доллары), өзге де металл жиһаз (18 359,3 мың АҚШ доллары), өзге де ағаш қаңқалы отыруға арналған жиһаз (15 464,7 мың АҚШ доллары), төсек түріндегі ағаш жиһаз (13 389,2 мың АҚШ доллары), металл қаңқасы бар отыруға арналған басқа да жиһаз (9 173,3 мың АҚШ доллары) және т.б.

Импортталатын жиһаз өнімдерінің негізгі көлемі Ресейден (52,1 млн. АҚШ доллары немесе 31,5%), Қытайдан (27,1 млн. АҚШ доллары немесе 16,4%), Түркиядан (21,3 млн. АҚШ доллары немесе 12,9%), Италиядан (14,3 млн. АҚШ доллары немесе 8,7%), Беларусьсиядан (13,1% млн. АҚШ доллары немесе 7,9%) келеді.

Аумақтық бөліністе жиһаз компаниялары елдің барлық өңірлерінде орналасқан. Бірақ еліміздің жиһаз өнімдері көлемінің 27%-ы Алматыда (12 млрд. теңге) өндірілетінін атап өту қажет.



